

13 ЛОГИСТИКА ЖҮЙЕСІНІҢ СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ ӘСЕРЛЕРДЕН ТӘУЕЛДІЛІГІ

Көліктік логистика жүйесінде, тиімді, ыңғайлы және ықшамды ұйымдастыру шаралары белгілі, нақты нормативтер талаптарының негізінде және әрбір тасымалдау тапсырыстардың ерекшеліктері мен құрамдарының тізбегінен тұрады, ол жоспарлау қорытындысы немесе көрсеткіш нормативтердің қаншалықты тиімді болғанын анықтау үшін беріледі.

Жалпы ғылыми зерттеу жұмыстарында, алдын-ала нақты бағалау көрсеткіші анықталған, күрделі жүйені басқару ерекше орын алады. Бұл жағдайдың қиындығы логистикалық басқару жүйесінің барлық қосалқы жүйелері көрсеткіштерінің белгілі бір деңгейлер арасында сақталуы.

Аталған қосалқы жүйелер: мақсатты: функциональды-басқару және қамтамасыздандырушы. Есептелген немесе тағайындалған нормативтер жүйенің анықтылығына, тиімділігіне, негізделіп тұрақтылығын қамтамасыздандыруы тиіс.

Жүйенің құрамдарының мақсаты төмендегідей, нормативтер, көлікті жұмысы сапасын, пайдаланған техникалар мен технологиялар тиімділігін қамтамсыз етуі керек.

Жүктасымалдау тізбегінде функциональды-басқару қосалқы жүйені тұрақты басқару мүмкіндігін және олардың сапасы мен тиімділігін көрсететін нормативтер болып есептеледі.

Жүк тасымалдау тізбегінде қамтамасыздандыру нормативтері өндіріс құралдарының, негізгі қордың және өндіріс күштерінің деңгейін немесе қайта өңдеу мүмкіндігінің пайдалануын, жеке құрамдары мен барлық жүйесін анықтайды.

Тасымалдау жүйесі тізбегіне сыртқы нормативтер әсер етеді. Мысалы: көліктің өлшемдері, жұмыс графигі, тасымалдау түрлері, тарифтер, жүк салмағы мен көлемі. Бұл сыртқы әсерлердің құрамдарын бейнелеу кіріс өлшемдері деп, зертеу жұмыстарында қарастырылады.

Сонымен қатар тасымалдау логистикалық жүйе тізбегінің негізгі және функциональды - басқару жүйе-құрамына да аталған сыртқы факторлардың әсерлерін естен шығармау керек. Өйткені болашақта үлкен көлемді басқа да, көліктік жүйедегі құрамдармен аймақтық, мемлекеттік деңгейде бірлесіп, аталған нормативтерді тиімді басқарып, реттеуге мүмкіндік артады.

Аталған жүйедегі құрамдар нормативтері бұлар нақты жұмыс түрлерінің тиімділігін анықтаушы көрсеткіштер. Мысалы, бір салмақ немесе көлем бірлігіне қаралған қуат күші, өзіндік құны, жер ауданы, жұмыс өнімділігін жұмысшылар саны т.б. Аталған көрсеткіштер ыңғайлы, жүктерді тасымалдауды қайта өңдеу және сақтау жұмыстарында қарастырылып, сонымен қатар, негізгі экономикалық әлеуметтік көрсеткіштердің өлшемдерін анықтау керек.

Техникалық және технологиялық нормативтер қаржы өлшемдерімен анықталып, әрбір жұмыс түрлерінің тиімділігімен бағаланады. Жүктерді тиіп-түсіру құны мен әндіріс мүмкіндігін немесе қуатын пайдалану еселігін, жұмысшылар саны мен жанар-жағар майлар шығыны, қоймалардың және сақтау орындарының мүмкіндігін пайдалану көрсеткіштері. Бірақ қандайда болмасын кезінде және көп кезінде де жылжымалы құрамарадың пайдалану шығындарын азайтып, тиімділігін арттыруы тиіс.

Дегенмен жүк терминалдарында, қоймаларда немесе арнаулы порттардағы анықталған нормативі тек сол жердегі меншік иелері емес, сонымен қатар, жүк иелерінің де көңіл-дерінен шығып, екі жаққа да тиімді болуы тиіс. Ондай болмаған жағдайда өз ара келісім арқылы, ортақ шешімге келуі керек.

Егер тасымалдау логистикалық жүйесіндегі оның жүйелік құрамдарында техникалық немесе технологиялық нормативтер дұрыс қабылданбаса, онда бұл жүйенің болашақтағы қорытынды көрсеткіші алдын-ала болжағандай болмай, тіпті тиімсіз болуы ықтимал. Нарықтық қатынаста белгілі бір логистикалық жүйедегі жүйелік құрамдар тізбегінде (ресурсооберегающий) мәселесі бірінші орында тұрады. Соның ішінде экологияға, қоршаған ортаға әсері, жанар-жағар майлар шығындары т.с.с. мәселелер орын алады. Арнаулы техникалар мен құрал жабдықтарды пайдалануға керекті материалдар.

Осыдан қандай да болмасын жүйелік құрам тиімділігін шешу кезінде, барлық логистикалық жүйе тізбегінің жұмыс өнімділігі, тиімділігін естен шығармауы тиіс. Кез келген логистикалық жүйеде атқаратын қаржылық, материалдар негізгі қор ағымдарының экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету үшін, олардың біріккен жұмыстарын ықшамдай ұйымдастыру және басқару механизімін дұрыс шешуі керек.

Соның ішінде экономикалық математикалық бейнелеуін құру үшін нормативтік жүйелерді пайдаланғанда, тасымалдау жұмыстарының уақытында атқарылып, оның сапасы мен тиімділігін қамтамасыздандыру керек. Тасымалдау логистикалық жүйелік құрамдарының нормативтерін анықтауға арналған М.Е.Мандрикова, В.Г.Галабурды, Л.Б.Миротина, С.М. Резера, В.И.Сергеева, Н.П.Терешинной, А.Т.Осьминина, В.А.Шарова және басқаларын атап өтуге болады.

Қаралып отырған логистикалық жүйелік құрамдарының тізбегінің сапалық белгісі: оның өнімділігі, тиімділігі тек қана жеке жүйелік құрылымдарда да ғана емес, бүтіндей логистикалық жүйеде болуы керек.

Нақты жағдайда жоғарыдағы аталған талаптар орындалуы үшін логистикалық жүйелік құрамдарды деңгейлік шешімдер қабылдау арқылы қарастырған дұрыс. Сонымен қатар нақты есептеу амалдарын орындау кезінде қойылатын көптеген талаптар, көрсеткіштер, өлшемдерді біріктіріп, талдау арқылы маңыздылығын анықтаған жөн.

